

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сот төрағасы А.Мерғалиевқа ..**

Қызылорда қаласы, Шұғыла мөлтек
ауданы, 23 үй, 34 пәтер тұрғыны
Н.Нұртайұлының атынан
Сенімхат арқылы әрекет етуші өкілі:
заңгер М.Ахметовтен
Тел. 8 702 966 19 17 moldeke.1955@mail.ru

Алғыс хат

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев!

21.04.2022 жылы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судья М. Сарсенов шығарған әділетті және құқықты сауатты шешіміне және 24.05.2022 жылғы Қызылорда облысының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы Ж.Оспанованың әділетті және құқықты сауатты қаулысына алғыс білдіремін.

Атап айтқанда:

23.04.2010 жылы Қызылорда қалалық сот судьясы А.Ибраимовтың атынан оның қолы қойылмаған, алайда Қызылорда қалалық сотының төрағасын атқарушы судья А.Молдабекова қол қойған, «Кепілге салынған мүліктен өндірілсін» деген жалған қосымша шешім шығарылған және Қызылорда қаласы, Саулет шағын ауданы 34-квартал, 8 участоктен өндіру туралы атқару құжат беріліп, Қызылорда қаласы, Қарабура көшесі 66 тұрғын үй жеке сот орындаушымен аукцион арқылы сатылып кетіп Нұртайұлы Нұрмат жанұясымен баспанасыз қалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев!

26.04.2018 жылғы Қызылорда облыстық сотының төрағасы міндетін атқарушы Ә.Шығамбаевтың № 4399-18-5-20/1431 санды хаты, «Аталған жалған қосымша шешім бойынша атқару құжат сотпен мүлдем берілмеді» деп бекіткен.

16.03.2022 жылғы Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаевтың № 4319-22-5-21/4804 санды хаты, 2015 жылы атқару парағының телнұсқасын беру туралы сот ұйғарымы азаматтық істің құжаттарына тіркелмегенін және аталған жалған қосымша шешімнің БААТЖ (Біріңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі) АЖ-де тіркелгені жөнінде мәлімет анықталмағанын» бекітті.

Ә.Шығамбаев пен Д.Кентбаевтың аталған хаты қосымша шешімнің түпнұсқасы мүлдем шықпағанын және жоқ екенін және бұл жалған шешім бойынша Қызылорда қаласы, Саулет шағын ауданы 34-квартал, 8 участоктен

өндіру туралы атқару құжаттың Қызылорда қалалық сотпен мүлдем толтырылмағанын бекітті.

Алайда, жеке сот орындаушы түпнұсқасы Қызылорда қалалық сотпен қабылданбаған және мүлдем жоқ жалған қосымша шешім негізінде, Қызылорда қалалық соты 2015 жылы мөр басып, қол қойып толтырып берген жалған атқару парақ бойынша, 20.06.2017 жылы заңсыз атқарушылық іс жүргізу ісін қозғаған және 25.08.2017 жылы Саулет шағын ауданы 34-квартал, 8 участоктен бөлек, басқа тұғынның Қызылорда қаласы, **Қарабура көшесі 66 тұрғын үйді** бағалау жөнінде қаулы шығарып, 10 048 000 теңгеге бағалатып 13.03.2018 жылы аукцион арқылы сауда саттық алаңына саудаға шығарып сатып жіберіп Нұртайұлы Нұрматты жанұясымен бспанасыз қалдырған.

Аталған заң бұзушылықтар әділетті қабылданған судья М. Сарсенов пен судья Ж.Оспанованың сот актілерінің негізінде жеке сот орындаушының 2017 жылы қозғаған атқарушылық өндірісі заңсыз деп танылып шығарған қаулыларының барлығының күштері жойылды.

Аталған мен берген талап қою арызды судья М. Сарсенов пен судья Ж.Оспанова құқықты сауатты зерттеп, тексеріп, жоғарыдағы елеулі заң бұзушылықтарды анықтап, шықпаған және мүлдем сотқа тіркелмеген жалған қосымша шешім бойынша толтырылған жалған атқару парақ негізінде орындау өндірісі заңсыз жүргізілгенін анықтады.

Судья М. Сарсенов пен судья Ж.Оспанованың сот актілері ҚР Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасымен тексеріліп әділетті шығарылған деп күшінде қалдырылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев!

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы М. Сарсеновтың шығарған әділетті және құқықты сауатты шешімі мен Қызылорда облысының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы Ж.Оспанова аталған құқықты сауатты сот акісін қабылдаған адал еңбектері үшін Сіздің атыңызға алғыс білдіремін.

Және менің алғыс білдіруімді Қызылорда облыстық соттарының барлық судьяларының қатысуымен пленарлық отырысында жариялауға ұсыныс беруіңізді сұраймын.

Тіркедім:

1. Сенімхат
2. ҚР Жоғарғы сот қаулысы

Н.Нұртайұлы
Өкілі заңгер М.Ахметов
05.02.2023 жыл